

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің паспорты

Мемлекеттік орган	«Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі
Қызмет алушы	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орыны	медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші (тікелей немесе көрсетілетін қызметті алушының телефоны бойынша өтініш берген кезде); 2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
Қызмет көрсету ақысы	тегін
Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	30 (отыз) минуттан аспайды
«Электрондық үкімет» портал арқылы қызмет көрсету	көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраныс. Көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға өтініш берген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, осы көрсетілетін қызметті берушіге бекітудің бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік ақпараттық жүйелерде портал арқылы уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.
Мемлекеттік орган арқылы қызмет көрсету	сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі); бекітілген халық тіркеліміне сәйкес осы көрсетілетін қызметті берушіге бекітілуінің болуы;
Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету	көрсетілмейді
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	1) көрсетілетін қызметті берушіге тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде - көрсетілетін қызметті берушінің шақыруларды тіркеу журналына жазу және дәрігердің келетін күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру; 2) порталға электрондық нысанда жүгінген кезде – «жеке кабинетте» электрондық өтінім статусы түрінде хабарлама.